

Эстетикалық пәндер бірлестігінің отырыс №1 хаттамасы

Күні: 25.08.2025

Қатысқандар:

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылындағы эстетикалық пәндер бойынша бірлестігінің жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту.
2. Секция, үйірме, сабақ күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды бекіту.
3. Сабақ барысында оқушылардың қауіпсіздік ережесін сақтау, қол қою.
4. 2025–2026 әдістемелік нұсқау хатпен танысу.

Тыңдалды:

1. Бірлестік жетекшісі Каменова Г.Е жұмыс жоспары бойынша ақпарат берді. Жоспар талқыланып, бірауыздан бекітілді.
2. Секция және үйірме жетекшілері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын таныстырды. Жоспарлар бекітілді. Ешқандай кемшілік табылмады.
3. Қауіпсіздік ережелері қайта қаралып, барлық мұғалімдер тарапынан қол қойылды.
4. Әдістемелік нұсқау хаттың негізгі бағыттары таныстырылып, талқыланды.

Шешімдері:

1. Эстетикалық пәндер бірлестігінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Секция, үйірме және сабақ КТЖ толық бекітілсін.
3. Қауіпсіздік ережелерін сақтау міндеттелсін.
4. Әдістемелік нұсқау хат бойынша жұмысты ұйымдастыру тапсырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Эстетикалық пәндер бірлестігінің № 2 хаттамасы

Күні: 24.10.2025

Қатысқандар:

Күн тәртібі:

1. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Дарынды балалармен ұйымдастырылатын жұмыс барысын талқылау.
3. Қалалық жарыстар мен сайыстарға қатысу мәселелерін қарастыру.
4. 2025-2026 оқу жылының I тоқсанындағы оқушылардың оқу үлгеріміне талдау жасау

Тыңдалды:

1. Бірлестік жетекшісі аттестациядан өтетін мұғалімдердің жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспар мазмұны талқыланып, қажетті түзетулер енгізілді. Барлық қатысушылар тарапынан жоспар мақұлданып, бекітілді.
2. Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыс бағыттары бойынша мұғалімдер өз ұсыныстарын айтты. Оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін факультатив сабақтар, шығармашылық үйірмелер және жобалық жұмыстар ұйымдастыру ұсынылды. Бірнеше оқушыны қалалық және облыстық деңгейдегі іс-шараларға дайындау бойынша жауапты мұғалімдер белгіленді.
3. Қалалық жарыстар мен сайыстардың жылдық күнтізбесі таныстырылды. Мұғалімдер оқушыларды қатыстыру және дайындау жолдарын талқылады. Әр жарысқа жауапты мамандар тағайындалып, дайындық жоспары бекітілді.
4. 2025–2026 оқу жылының 1-тоқсанында мектеп бойынша оқу үдерісі бекітілген оқу жоспарларына сай жүргізілді. Мұғалімдер оқу бағдарламаларын толық көлемде орындады. Оқушылардың барлығы тоқсанды «сыналды», Ешбір оқушысы оқу бағдарламасын меңгермей қалған жоқ.

Шешімдер:

1. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің жұмыс жоспары толықтай бекітілсін. Жоспар бойынша жұмыс жүргізу міндеттелсін.
2. Дарынды балалармен жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыру, пәндік және шығармашылық бағыттағы жарыстарға дайындау жалғастырылсын.
3. Қалалық жарыстар мен сайыстарға қатысу үшін жауапты мұғалімдер белгіленсін және дайындық жұмыстары уақытылы жүргізілсін.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____

Эстетикалық пәндер бірлестігінің отырыс №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 26.12.2025

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері, сынып жетекшілер

Күн тәртібі:

1. Дене шынықтыру пәнінің берілуі. Оқу бағдарламасының орындалуы (сағат саны).
2. Үйірме, факультативтер жұмыстарының өту барысын қадағалау.
3. II тоқсан қорытындысын талдау. I жарты жылдық қорытындысы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Амирханзин Е.Н. сөз сөйледі. Ол өз баяндамасында дене шынықтыру пәнінің жүргізілу барысы, оқу бағдарламасының орындалуы, бөлінген сағат санының толық игерілуі туралы мәлімет берді. Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі, денсаулық көрсеткіштері және спорттық іс-шараларға қатысу деңгейі айтылды.

Ұсыныстар:

- Сабақ сапасын арттыру;
- Қауіпсіздік ережелерін тұрақты сақтау;
- Оқушыларды спорттық жарыстарға көбірек тарту.

2-мәселе бойынша:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М. үйірме және факультатив сабақтарының өту барысы туралы баяндама жасады. Үйірмелерге қатысатын оқушылар саны, жүргізіліп жатқан жұмыстар, жетістіктер мен кемшіліктер талқыланды.

Ұсыныстар:

- Үйірме кестесін жүйелеу;
- Қатысушылар санын көбейту;
- Әр үйірме бойынша тоқсандық есеп алу.

3-мәселе бойынша:

Бірлестік жетекшісі Каменова Г.Е. II тоқсан және I жарты жылдық қорытындысы бойынша талдау жасады. Үлгерім көрсеткіштері, білім сапасы, пәндер бойынша ұсыныстар айтылды. Кейбір сыныптардағы білім сапасының төмендеу себептері талқыланды.

Ұсыныстар:

– Пән мұғалімдерінің әдістемелік жұмыстарын күшейту

Шешім:

1. Дене шынықтыру пәнінің оқу бағдарламасының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Жауапты: пән мұғалімдері.
2. Үйірме және факультатив сабақтарының сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Жауапты: сынып жетекшілер, үйірме жетекшілері.
3. II тоқсан және I жарты жылдық қорытындысы бойынша білім сапасын көтеру мақсатында қосымша жоспар құрылсын. Жауапты: пән мұғалімдері, сынып жетекшілер.

Төраға: _____

Хатшы: _____

Эстетикалық пәндер бірлестігінің отырыс №4 хаттамасы

Күні: 20.03.2026

Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. Қолөнер көрмесінің қорытындысы
2. Аттестациядан өткен мұғалімдердің қорытындысы
3. III тоқсан талдауы, оқу бағдарламасының орындалуы

1-мәселе: Қолөнер көрмесінің қорытындысы

Тыңдалды: Қолөнер көрмесіне оқушылардың түрлі материалдардан жасаған шығармашылық жұмыстары ұсынылды. Көрмеде ұлттық нақыштағы бұйымдар, сәндік қолданбалы өнер туындылары, суреттер мен қолмен жасалған заттар қойылды. Көрме оқушылардың еңбекке, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттырды.

Қаулы: Қолөнер көрмесіне белсенді қатысқан оқушылар мен жетекші мұғалімдер марапатталсын. Осындай шығармашылық көрмелер алдағы уақытта да жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрсын.

2-мәселе: Аттестациядан өткен мұғалімдердің қорытындысы

Тыңдалды: Аттестациядан өткен мұғалімдердің құжаттары, сабақтары және кәсіби жетістіктері қарастырылды. Мұғалімдер өздерінің педагогикалық тәжірибелері мен жетістіктерін таныстырды. Комиссия мүшелері мұғалімдердің кәсіби деңгейі талапқа сай екендігін атап өтті.

Қаулы: Аттестацияға ұсынылған мұғалімдердің құжаттары мақұлданып және белгіленген тәртіп бойынша аттестация комиссиясына жіберілсін.

3-мәселе: III тоқсан талдауы, оқу бағдарламасының орындалуы

Тыңдалды: III тоқсан бойынша оқу бағдарламасының орындалуы талданды. Пән мұғалімдері оқу жоспарына сәйкес барлық тақырыптардың өтілгенін, білім сапасының көрсеткіштері қарастырылғанын баяндады. Оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатында қосымша жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Қаулы: Оқу бағдарламасының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Мұғалімдерге оқу сапасын арттыру мақсатында қосымша жұмыс түрлерін жалғастыру ұсынылсын.

Төраға: _____

Хатшы: _____